

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE, өтеуге дейін 180 күнге дейін, индекстелмеген МБҚ нарықтық бағалауын жүзеге асыру үшін қажетті Базалық кезеңнің ұзақтылығын [ұзартты](#).
- ▲ Online жоба "KASE: Тұлғалы тарих" – Гүлжан Қарағұсова мен Вячеслав Кононенконың сұхбаттарын [жариялады](#).
- ▲ KASE өзінің интернет-сайтында 2018 жылдың қараша айына биржа мүшелерінің белсенділік рэнкингін [жариялады](#).
- ▲ 07 желтоқсанда KASE "KASE Day in Astana" таңертеңгілік бизнес-ас [өткізді](#).
- ▲ 2018 жылдың 30 қарашасынан бастап Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерін және олардың шоттарына, қаржы құралдары мен эмитенттердің бағалы қағаздарын кодтау тәртібі туралы нұсқаулыққа кодтау тәртібі туралы нұсқаулыққа түзетулер [енгізілді](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ "Баспана" Ипотекалық ұйымы" АҚ Қазақстан қор биржасында 07 желтоқсанда ([BASPb2](#)) облигацияларын жылдық 9,9126 % орналастыра отырып, 19,7 млрд теңге және ([BASPb1](#)) облигацияларын орналастыра отырып, 10,0 млрд теңге тартты.
- ▲ "Компания Фазтон" ЖШС Қазақстан қор биржасында 05 желтоқсанында (FATNb2) облигацияларын жылдық 10,99 % орналастыра отырып, 200,7 млн [теңге](#).
- ▲ Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру аясында жергілікті атқарушы органдар 2 жылдық облигацияларды орналастырды. 05 желтоқсанда Қазақстан қор биржасында Атырау облысының әкімдігі өзінің облигацияларын орналастыра отырып, 1,9 млрд теңге [тартты](#), Шығыс Қазақстан облысының муниципалдық органы 609,6 млн теңгеге облигацияларын [орналастырды](#).
- ▲ "Каспий мұнай" АҚ 2018 жылдың бірінші жартыжылдығына жай акциялары (KSNF) бойынша дивиденд [төледі](#).
- ▲ "KEGOC" АҚ акционерлері 2018 жылдың бірінші жартыжылдығына аралық қаржылық есептілігі мен компанияның таза табысын бөлу тәртібін [бекітті](#).
- ▲ "Еуразиялық банк" АҚ Standard & Poor's агенттігінің банктің және оның облигацияларының рейтингілік бағасын [растады](#), болжам "Негативті".
- ▲ "Банк "Bank RBK" АҚ Standard & Poor's агенттігі банктің рейтингілік бағасын [растады](#), болжам "Тұрақты".
- ▲ "Цеснабанк" АҚ Standard & Poor's агенттігі банктің және оның облигацияларының рейтингілік бағасын төмендетті және оларды CreditWatch Negative тізіміне [енгізді](#).
- ▲ "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ Moody's Investors Service агенттігінің корпоративтік рейтинг болжамын В1 деңгейіне, мәртебесін "Төмендеуі мүмкін" деңгейінен "Тұрақты" деңгейіне өзгерткені туралы [хабарлады](#).



KASE Индексі аптаны өсіммен аяқтады. Көгілдір фишкалардың қазақстандық Индексі 0,41% артып 2 258,74 нүктеге дейін жетті. Өкілеттік тізім акциялары әр түрлі бағытта саудаланды.

KASE Индексінің акциялары



07.12.2018

Трендтер (%)

KASE Индексі	2 258,7	0,4	2,8
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
KEGOC	1 622,2	3,7	5,7
Казхтелеком	30 500,0	1,5	8,2
Народный банк	105,0	1,1	1,6
Газпром (Россия)	900,0	0,9	2,0
КазТрансОйл	1 301,1	0,7	5,5
Сбербанк (Россия)	1 084,9	0,5	1,4
Банк ЦентрКредит	248,1	0,0	5,6
РД КазМунайГаз (прив.)	12 800,0	0,0	2,4
Казхтелеком (прив.)	12 100,0	-0,0	1,7
Kcell	1 664,6	-1,2	-1,2
БАСТ	37 000,0	-1,5	-0,0
KAZ Minerals	2 550,0	-2,9	0,2
Bank of America	10 100,0	-3,2	-0,5
Аэрофлот (Россия)	611,0	-4,5	7,6
Банк ВТБ (Россия)	0,2	-4,8	0,0

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KEGOC акцияларының бағасы біршама өскені байқалады: 3,67% ға артып, 1 622,23 теңгені құрады. Жұмадағы сауда-саттық барысында акциялар дивидендік гәппен ашылды, бірақ соңынан аяқ астынан қалпына келді, сонымен қатар сатып алулар 2018 жылдың 12 қазанынан бастап жоғары көлемде ашылды. "KEGOC" АҚ акционерлері 2018 жылдың 1 жартыжылдығына жай акциялары бойынша дивиденд төлеуге таза табысының 80% жіберуге шешім қабылдады, ол 20,9 млрд теңгені құрайды. Соынмен, ағымдағы жылы I жартыжылдыққа дивидендтер 1,7 есе өсіп, бір жай акцияға 80,53 теңгені құрады.

KAZ Minerals акциялары біршама құлдырап, бағасы 2,86% деңгейіне дейін төмендеп, 2 550,00 теңгені құрады. Өндірістік компания қағаздары қарсыласу деңгейінде 2 700 теңгеде орныға алмай, төмендеуін жылдамдатты. Акциялар бағасының түзетуі мыс бағасының жағымсыз динамикасына байланысты болды.

Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі







Сейсенбі күні Ұлттық банк көптен күткен базалық мөлшерлемені +/-1% дәлізбен, 9,25% деңгейінде сақтауға шешім қабылдады. Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі 12 б.н. өсіп, жылдық 8,45 % құрады. Бір күндік валюталық своп бойынша кірістілігі 32 б.н төмендеп, жылдық 7,70% құрады.

Ұлттық Банктің ноттар бойынша ашық позициясы екінші апта қатарынан төмендеді. Бейсенбі күні ол 3,4 трлн теңгеге дейін төмендеді, ол 1,5 айдан астам уақыт ішінде ең төменгі мәні болып табылады. Бір аптада Ұлттық банк биржадан тыс 1 501,7 млрд теңге қаржыға бес шығарылымды орналастырды. Қысқа мерзімдік құралдарға жиынтық сұраным ұсынымнан 12% артты. Апталық ноттар кірістілігі 8,77-8,78%, орналастырылды, жылдық құралдар 7,91% мөлшерлемесі бойынша, 66,9 млрд теңгеге орналастырылды.

Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




Ұлттық Банктің ноттарды апталық орналастыруы



*АҚШ долларымен барлық валюталық своп операциялары бойынша орташа сараланған кірістілігі.

Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Доллар бағамының орташа сараланған бағамы апта қорытындысы бойынша 1,07 төмендеп, 370,49 теңгені құрады, сауда-саттықтың жиынтық көлемі 420,6 млн долларды құрады.

Теңге осы аптада тұрақталғанын және долларға қатысты біршама нығайғандығын байқаймыз. Осының бәрі тұрақсыз сыртқы жағдайларға қатысты болды, әсіресе мұнай бағасының жоғары ауытқушылығына байланысты. Қара алын бағасы мұнай өндіруді қысқарту туралы мәміленің тағдыры шешілген, ОПЕК+ отырысының ықпалынан тұрақсыздыққа ие болды. Энергетика Министрі Қанат Бозымбаев атап өткендей: "Қазақстан пропорционалдық құлдырауға қолдау білдіреді".


Апта қорытындысы бойынша KASE рубль 0,0403 теңгеге арзандап, 5,5610 теңгені құрады. Жалпы сауда-саттық көлемі 87,0 млн рубльге жетті.

Евро үшін апта 0,40 теңгеге өсіп, еуропалық валюта бағамы 421,00 теңгені құрады. еуромен ауда-саттықтың апталық көлемі 2,7 млн еуроға жетті.

Апта қорытындысы бойынша юань бағамы 0,6600 теңгеге өсіп, 53,9600 теңге деңгейінде қалды, жалпы мәміле көлемі 9,5 млн юань.


Шет ел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.18)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2017, %
GBP/KZT	471,32	-0,6	-2,7	+5,1
USD/KZT	369,98	-0,4	-0,2	+11,3
EUR/KZT	419,48	-0,6	-0,8	+5,3
CNY/KZT	53,71	+0,5	+0,1	+5,1
RUB/KZT	5,52	-0,9	-1,8	-4,3

Brent мұнай құны USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	2 633,08	-4,6	-6,4	-0,1	-4,4
Dow Jones	24 388,95	-4,5	-6,8	0,7	-4,3
PTC	1 157,94	2,8	-0,5	3,4	3,5
MMББ	2 285,53	0,0	0,0	8,7	3,5
Hang Seng	26 063,76	-1,7	-0,3	-7,9	-1,7
SS CSI 300	3 181,57	0,3	-1,3	-19,9	0,5
Euro Stoxx 50	3 058,53	-3,6	-5,8	-14,4	-3,2
FTSEuroFirst	3 795,00	-3,1	-5,3	-11,7	-3,6
FTSE 100	6 778,11	-2,9	-4,8	-7,4	-2,5
KASE	2 258,74	0,4	2,8	7,5	

Шикізат нарығы

07.12.2018

Атауы	Бағасы	Тренд %	
		7к	1а
Мұнай	61,67	5,0	-14,4
	52,61	3,3	-14,7
Табиғи газ	4,49	-2,7	26,2
Мыс	275,75	-0,7	0,1
Темір	499,50	-1,3	-9,1
Алтын	1 249,31	2,4	1,9
Күміс	14,57	3,4	0,0
Астық	519,50	0,7	1,8

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
10.12 Еңбек нарығында бос жұмыс орындарының саны (қазан)	USD	7,220M	7,009M
11.12 Өндірушілер бағасының индексі(PPI) (a/a) (қараша)	USD	0,0%	0,6%
12.12 Негізгі ТБИ (a/a) (қараша)	USD	0,2%	0,2%
12.12 Шикі мұнай қоры	USD		-7,323M
13.12 Пайыздық мөлшерлеме шешімі (Желтоқсан)	EUR	0,00%	0,00%
13.12 ЕОБ Баспасөз конференциясы	EUR		
14.12 Пайыздық мөлшерлеме шешімі (Желтоқсан)	RUB	7,50%	7,50%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Жыл басына
Жылдық инфляция	5,3 %	01.12.18	7,1 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	29 092	01.11.18	30 745
Қаржы базасы, млрд KZT	5 799,3	01.11.18	5 538,7
Қаржы массасы, млрд KZT	19 715,1	01.10.18	19 456,0

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-тұрақты	10.09.18	BBB-тұрақты
	Вaa3 тұрақты	26.07.17	Вaa3 -тұрақты
	BBB тұрақты	28.09.18	BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: 8 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.